

Борышкерлердің сот орындаушылары тыйым салған мүліктерін сату жөнінде аукциондар ұйымдастыру мен өткізудің Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

БҰЙРЫҚ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2000 жылғы 28 ақпан N 21 . Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 9 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1079 Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің 09.06.2000 жылғы бұйрығымен.

Сот орындаушыларының соттар мен басқа да органдардың қаулыларын атқару жөніндегі жұмысын жетілдіру мақсатында, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Z980253_ Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін

БҰЙЫРАМЫН:

1. Борышкерлердің сот орындаушылары тыйым салған мүліктерін сату

жөнінде аукциондар ұйымдастыру мен өткізудің ережесі бекітілсін.

2. Әділет министрлігінің Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитеті, Тіркеу қызметі комитеті және осы Ереже жөнінде өздерінің аумақтық бөлімшелерін хабардар етсін және орындауға шаралар қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағалары Т.Е. Ділмұхамбетовке және Б.Ғ. Рахымбековке жүктелсін.

Министрдің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2000 ж. 28 ақпандағы
N 21 бұйрығымен
бекітілген

Борышкерлердің сот орындаушылары тыйым салған мүліктерін сату

жөнінде аукциондар ұйымдастырудың және өткізудің
ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Борышкерлердің тыйым салынған мүлкін сату бойынша алдын ала белгіленген орында және уақытта сот орындаушысы арнайы ұйымдастырған көпшілік сауда борышкерлердің тыйым салынған мүлкін сату жөніндегі аукцион болып ұғынылады.

2. Борышкерлердің тыйым салынған мүлкін аукционға шығару туралы шешімді сот орындаушысы (бұдан әрі - сатушы) қабылдайды.

Сатушы тыйым салынған мүлікті сатуды қолданылып жүрген заңдарда және осы Ережелерде көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

3. Сатушы аукционды өз бетімен ұйымдастырады және өткізеді не Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Жылжымайтын мүлік орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен және оның филиалдарымен не "Әділет министрлігінің Шаруашылық Басқармасы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен және оның филиалдарымен және өзге де мамандандырылған ұйымдармен (бұдан әрі - ұйымдастырушы) тыйым салынған мүлікті сату жөніндегі аукционды ұйымдастыруға және өткізуге шарт жасасады. <*>

Ескерту: 3-тармақ толықтырылды - ҚР Әділет министрінің

2000 жылғы 24 мамырдағы N 41 бұйрығымен.

V001142_

4. Тыйым салынған мүлік аукциондарын тиісті ұйымдастыру және өткізу мақсатында сатушыда:

1) тыйым салынған мүліктің бастапқы және ең төменгі бағаларын, кепілді жарнаны белгілеу;

2) аукционды өткізудің әдісін белгілеу;

3) ұйымдастырушылармен аукциондарды ұйымдастыруға және өткізуге шарттар жасасу;

4) сауда-саттықта жеңіп шыққан сатушылармен сатып алу-сату шарттарын жасасу;

5) есеп айырысуды жүзеге асыру функциялары белгіленген.

5. Тыйым салынған мүлікті сату жөніндегі аукционды ұйымдастыруға және өткізуге шарт сатушы мен ұйымдастырушының арасында жазбаша нысанда жасалады және онда:

- 1) тыйым салынған мүліктің тізбесі;
- 2) аукционды өткізудің шектеулі мерзімдері;
- 3) тыйым салынған мүлікті сату жөніндегі аукционды өткізудің әдісі;
- 4) тыйым салынған мүлікті жеткізу мен сақтау тәртібін;

5) аукционды ұйымдастырудың және өткізудің барысы туралы

ұйымдастырушыға берілетін есеп-қисаптың дүркінділігі;

- 6) өзара міндеттемелер мен мүліктік жауапкершілікті;
- 7) ұйымдастырушымен өзара есеп айырысу тәртібі қамтылуға тиіс.

6. Аукционға сатушы немесе ұйымдастырушы, борышкер және оның өкілі қатысуға тиіс. Егер борышкер немесе оның өкілі тыйым салынған мүлікті сату жөніндегі аукционды өткізудің күні, уақыты және орны туралы тиісті түрде хабардар бола тұрып оған қатыспаса, сауда-саттықтар олардың қатысуынсыз өтеді.

7. Сатып алушылар ретінде аукционға қатысуға осы Ережелердің 19-тармағымен белгіленген тәртіппен тиісті тіркеуден өткен жеке және заңды тұлғалар жіберіледі.

2. Аукционды өткізуге дайындық

8. Тыйым салынған мүлікті сату жөніндегі аукционды дайындау және өткізу кезінде мынадай іс-әрекеттер мен тәртіпті сақтау қажет:

- 1) аукционға шығарылатын тыйым салынған мүліктің тізбесін белгілеу;
- 2) сауданың әдісін белгілеу;
- 3) тыйым салынған мүліктің бастапқы және ең төменгі бағаларын белгілеу;
- 4) кепілді жарнаны енгізудің көлемі мен тәртібін белгілеу;
- 5) аукционды өткізудің күнін белгілеу;
- 6) алдағы сауда туралы ресми республикалық немесе жергілікті баспасөз органдарын хабардар ету.

9. Мүліктің бастапқы бағасын сот орындаушысы борышкермен келісілген тыйым салу туралы актіде көрсетілген бағалау құнының негізінде белгілейді. Қарсылық келіп түскен жағдайда жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар "Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның филиалдарының, "Әділет министрлігінің Шаруашылық Басқармасы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның филиалдарының, Сот сараптамасының облыстық

ғылыми-өндірістік лабораториясының мамандары және өзге де мамандар бағалайды.

Бағалау үшін төлем борышкер қаражаттарының есебінен жүргізіледі, ал қаражат болмаған жағдайда төлем борышкердің мүлкін сатқаннан кейін жүргізіледі.

10. Валюталық құндылықтар, бағалы металдар мен бағалы тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдар, антиквариат, кескіндеме мен мүсін туындылары Республиканың Үкіметі белгілеген ережелерге сәйкес сатылады.

Сатушыларды аукционда қатысу шарттары

11. Аукционда қатысу үшін кепілді жарна мүліктің бағалау құнының 5% мөлшерінде белгіленеді.

12. Қатысушылар кепілді жарнаның кез-келген мөлшерін енгізуге құқылы.

13. Кепілді жарнаны қатысушының атынан кез-келген жеке немесе заңды тұлға енгізе алады.

14. Сауда-саттықта жеңіп шыққан және сатып алу-сату шартын жасасқан адамның кепілді жарнасы сатып алу құнының есебіне жатқызылады.

Егер мүліктің құны кепілді жарна сомасынан кем болған жағдайда, олардың арасындағы айырманы үш банктік күннен кешіктірмей ұйымдастырушы сауда-саттықта жеңіп шыққан адамға қайтарады. Егер сауда-саттыққа қатысушылар енгізген кепілді жарналардың мөлшері сауда-саттықта сатып алынған мүлік мөлшерінен көп болса, пайдаланылмаған кепілді жарналар сауда-саттық өткізілген күннен бастап бес банктік күннен кешіктірілмей қатысушылармен қайтарылады.

15. Кепілді жарнаны:

1) аукционға қатысудан оны өткізуге дейін бір күннен де кем уақыт

қалғанда бас тартылған;

2) тыйым салынған мүлікті сатып алу-сату шарты жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған;

3) қатысушының оған осы Ережелермен және Қазақстан Республикасының заңдарымен қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайларда ұйымдастырушы қайтармайды.

16. Аукционды өткізу жөніндегі хабар аукцион өткізілгенге дейін ең кемі 10 күн бұрын республикалық ресми немесе жергілікті баспасөзде қазақ және орыс тілдерінде жариялануға тиіс.

17. Сауда-саттықты өткізу жөніндегі хабарда:

1) аукционды өткізу күні, орны мен уақыты;

2) сауда-саттықты өткізу әдістері;

3) сатуға қойылатын мүліктің бастапқы бағалары;

4) кепілді жарнаның мөлшері мен ұйымдастырушының банктік шоты;

5) тапсырыстарды қабылдаудың орны мен мерзімдері;

6) анықтамалар үшін телефондар мен мекен-жайлар болуға тиіс.

18. Хабар жарияланған күннен бастап қатысушыларды тіркеу басталады және аукцион басталғанға дейін бір күн қалғанда аяқталады.

19. Аукционға қатысушыны тіркеу үшін:

1) аукционға қатысуға өтініш;

2) төлқұжат немесе оны ауыстыратын өзге құжат;

3) кепілді жарна төленгенін растайтын төлем құжаты;

4) өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат;

5) заңды тұлғалар қосымша заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмесін ұсынады.

20. Аукционға қатысушылар:

1) сауда-саттыққа жеке немесе өзінің өкілдері арқылы қатысуға;

2) мүлік жөнінде қосымша мәліметтерді тегін алуға;

3) сауда-саттықта өткізілетін мүлікті алдын-ала қарап көруге;

4) оның құқықтары бұзылған жағдайда сотқа жүгінуге;

5) өзінің өтінімін аукцион өткізгенге дейін бір күннен кешіктірмей қайтарып алуға құқылы.

21. Ұйымдастырушылар қатысушылар үшін мынадай мәліметтері бар билеттерді дайындайды:

1) сатып алушы сауда-саттыққа қатысатын нөмір;

2) сатып алушы қатысатын тауардың атауы;

22. Тіркеуден өткен адам аукцион өтетін күні аукциондық нөмірге ауыстырылатын қатысушының билетін алады. Аукциондық нөмірді басқа адамның сауда-саттық процесінде пайдалануына тыйым салынады.

3. Аукционды өткізу тәртібі

23. Аукционды сатушы немесе ұйымдастырушы өткізеді. Аукцион оны өткізудің Ережесі хабарланғанда басталады.

24. Сауда-саттық, егер оған ең кемі 2 сатып алушы қатысатын болса, өткізіле алады.

25. Сауда-саттық сатушының немесе ұйымдастырушының сату затын, оның қысқаша сипаттамасын, сауда-саттықты өткізу әдісін, алғашқы (бастапқы) бағаны, баға өзгеру адымын хабарлағанда басталады.

Сатушы немесе ұйымдастырушы сауда-саттық процесінде адымды жариялай отырып, өзгертуге құқылы. Өзгеру адымы объектінің ағымдағы бағасы 5%-тен 10%-ке дейінгі шектерде белгіленеді.

26. Сауда-саттық барысында қатысушылар аукцион нөмірін көтереді және өзінің бағасын айтады.

27. Мүлік сауда-саттықта неғұрлым жоғары баға ұсынған адамға сатылды деп есептелінеді.

28. Сауда-саттықта мүлікке неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушы ұйымдастырушыға билетін көрсетуге және сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюға тиіс.

29. Хаттамада сатып алушы туралы мәлімет, мүліктің атауы, бастапқы құны және тауардың сату бағасы көрсетіледі.

30. Аукцион аяқталғаннан кейін сатып алушы мен сатушының арасында сатып алу-сату шартына қол қойылады.

Сатып алушы сатылған мүліктің түпкілікті сомасын төлегеннен кейін сатушы оған сатылған мүліктің сату-сатып алу шартының бір данасын береді.

Шартта сатып алушы сауда-саттық басталғанның алдында кепілді жарнаның төленгені есепке алынып ол сатып алған мүліктің, толық сомасын сауда-саттық аяқталғаннан кейін банктік бес күн ішінде төлеуге міндетті.

Сатып алушы белгіленген уақытта түпкілікті соманы төлемеген кезде және сатып алушы сауда-саттыққа қатысуға құқығы жоқ фактісі анықталған жағдайда оған кепілді жарна қайтарылмайды және аукционды ұйымдастыру жөніндегі

шығындарды өндіргеннен кейін сома мемлекет кірісіне түседі, ал сатып алу-сату шарты бұзылған деп есептеледі.

31. Өткізілген сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан сауда-саттық жеңімпазы сауда-саттыққа одан әрі қатысу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда осы мүлік бойынша сауда-саттық қалпына келтіріледі және мүлік келесі сауда-саттыққа шығарылады. Бұл жөніндегі шешімді ұйымдастырушы қабылдайды.

32. Сатушы немесе ұйымдастырушы:

- 1) егер сауда-саттыққа екіден де кем сатып алушы келген;
- 2) егер келгендердің ешқайсысы мүліктің бастапқы бағасына үстеме бағалар қоспаған;
- 3) егер сатып алушы бес күннің ішінде оларға сатып алынған мүлік сомасын толық енгізбеген жағдайларда сауда-саттықты өткізілмеді деп жариялайды.

Егер сауда-саттықтар өткізілмесе, кепілдеме жарнасы, осы Ережелердің 15-тармақшасымен көзделген жағдайды қоспағанда, оны енгізген адамға қайтарылады.

33. Сауда-саттықтар өткізілмеді деп жарияланған жағдайда алғашқы аукционнан кейін өндіріп алушыға борышкердің мүлкін бастапқы баға сомасымен өзінде қалдыру құқығы беріледі.

34. Мүлікті өзінде қалдыру ұсынысынан өндіріп алушы бас тартқан жағдайда, сатушы немесе ұйымдастырушы бастапқы бағалау құнынан 20 процентке төмендете отырып және сауда-саттықтар өткізілмеді деп жарияланғаннан кейін 10 күннен ерте емес мерзімде қайтадан сауда-саттықтар өткізеді. Қайталанатын сауда-саттықтар жарияланады және алғашқы сауда-саттықтар үшін белгіленген ережелер сақтала отырып өткізіледі.

35. Қайталанатын сауда-саттықтар өткізілмеді деп танылған жағдайда, сатушы өндіріп алушыға борышкердің мүлкін бастапқы бағалау құны бойынша борышкердің мүлкін өзінде қалдыруды қайтадан ұсынады.

36. Өндіріп алушы бұл жолы да мүлікті қабылдаудан бас тартқан жағдайда, сауда-саттықтар төмендетіле отырып үшінші рет өткізіледі. Бұл ретте қайталанатын сауда-саттықтар үшін белгіленген баға жарияланған адыммен қатысушылардың бірі оны жарияланған баға бойынша сатып алуға келіскен сәтке дейін төмендетіледі.

37. Сауда-саттықтар үшінші рет өткізілмеді деп жарияланған және өндіріп алушы сатылатын мүлікті бастапқы бағасы бойынша өзінде қалдырудан бас тартқан жағдайда, бұл мүліктен тыйым салу алынады және ол борышкерге қайтарылады.

38. Сатушы өткізетін аукциондық сатулардан алым бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алынады және жергілікті бюджетке аударылады.

39. Сауда-саттықтарды өткізу жөніндегі шығындар сатылған мүлік құнының 10 процентінен аса алады және борышкерден өндіріліп алынады, осыған байланысты борышкердің мүлкіне тыйым орындау құжаттарының орындалуы жөніндегі шығыстарды ескеріле отырып салынады.

40. Сауда-саттықтарды өткізу жөніндегі шығындарға: сауда-саттықтарды

өткізу жөніндегі шын мәнісіндегі шығындар, аукциондық сатулардан алым, комиссиялық сыйақы, мүлік құнын бағалау және басқалары жатады.

41. Борышкердің тыйым салынған мүлкін сатудан түскен қаражаттар, сауда-саттықтарды өткізу жөніндегі шығыстар есептен шығарыла отырып, ұйымдастырушымен Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитет Департаментінің және оның аумақтық бөлімшелерінің депозиттік шоттарына оларды өндіріп алушыға беру үшін аударылады.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.